

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің м.а. 2025 жылғы 30 қаңтардағы № 20-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 3 ақпанда № 35695 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Әкімшілік деректерді жинауға қоса беріліп отырған нысандар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Республикалық маңызы бар топтық су құбыры желілері тартылған елді мекендердің саны туралы мәліметтер";

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Жинақталған судың қосымша көлемі туралы мәліметтер";

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Гидротехникалық құрылыстардың саны туралы мәліметтер" бекітілсін.

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Магистралдық және шаруашылықаралық арналар арқылы тасымалдау кезінде ауыл шаруашылығындағы су ысыраптарының деңгейі туралы мәліметтер";

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Су ресурстары және ирригация  
министрінің міндетін атқарушы

Б. Бекнияз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы  
Су ресурстары және  
ирригация министрінің



тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөрдiң орны (болған жағдайда) (жеке кәсiпкерлiк субъектiлерi болып табылатын адамдарды қоспағанда)

Ескертпе: Әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған "Республикалық маңызы бар топтық су құбыры желiлерi тартылған елдi мекендердiң саны туралы мәлiметтер" нысанын толтыру бойынша түсiнiктеме осы нысанның қосымшасында келтiрiлген.

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

"Республикалық маңызы  
бар топтық су құбыры желiлерi  
тартылған елдi мекендердiң  
саны туралы мәлiметтер"  
әкiмшiлiк деректердi жинауға  
арналған нысанға  
қосымша

**Әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсiнiктеме "**  
**Республикалық маңызы бар топтық су құбыры желiлерi тартылған елдi мекендердiң саны**  
**туралы мәлiметтер" (1-ЕММ ТСК, жылдық)**

1. "Ретi бойынша нөмiр" нысанының 1-бағанында ретi бойынша нөмiрлеу көрсетiледi және кейiнгi ақпарат ретi бойынша нөмiрлеудi үзбеуi тиiс.

2. Нысанның 2-бағанында Қазақстан Республикасы облыстарының атауы көрсетiледi.

3. Нысанның 3-бағанында ӘАОЖ бойынша орналасқан жер коды (әкiмшiлiк-аумақтық объектiлердiң жiктеуiшi) көрсетiледi.

4. Нысанның 4-бағанында топтық су құбырларының атауы көрсетiледi.

5. Нысанның 5-бағанында топтық су құбырларының жалпы ұзындығы көрсетiледi.

6. Нысанның 6-бағанында елдi мекендердiң саны көрсетiледi.

7. Нысанның 7-бағанында тұрғындардың саны көрсетiледi.

Қазақстан Республикасы  
Су ресурстары және  
ирригация министрiнiң  
мiндетiн атқарушы  
2025 жылғы 30 қаңтардағы  
№ 20-НҚ бұйрығына  
2-қосымша  
Әкiмшiлiк деректердi  
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрiлiгiне

Әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған нысан өтеусiз негiзде интернет – ресурста орналастырылған: [www.gov.kz](http://www.gov.kz).

Әкімшілік нысанның атауы: "Жинақталған судың қосымша көлемі туралы мәліметтер".

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 1-ЖСҚ.

Жиілігі: жылдық.

Есепті кезең: \_\_ жыл.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: Жергілікті атқарушы органдар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: кезекті есепті жылдан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей.

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі - электронды түрде.

**Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның негізгі бөлігі Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан "Жинақталған судың қосымша көлемі туралы мәліметтер"**

№	Облыстардың атауы	ӘАОЖ бойынша орналасқан жер коды (әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші)	Су қоймаларының нақты жобалық көлемі, миллион метр текше	Есепті кезеңде пайдалануға берілген су қоймаларының жобалық көлемі, миллион метр текше
1	2	3	4	5

Телефондар \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_ ҚОЛЫ \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_ ҚОЛЫ \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөрдiң орны (болған жағдайда) (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда)

Ескертпе: Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Жинақталған судың қосымша көлемі туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсініктеме осы нысанның қосымшасында келтірілген.

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

көлемі туралы мәліметтер"  
әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысанға  
қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме "  
Жинақталған судың қосымша көлемі туралы мәліметтер" (1-ЖСҚ, жылдық)**

1. "Реті бойынша нөмір" нысанының 1-бағанында реті бойынша нөмірлеу көрсетіледі және кейінгі ақпарат реті бойынша нөмірлеуді үзбеуге тиіс.
2. Нысанның 2-бағанында Қазақстан Республикасы облыстарының атауы көрсетіледі.
3. Нысанның 3-бағанында ӘАОЖ бойынша орналасқан жер коды (әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші) көрсетіледі.
4. Нысанның 4-бағанында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде орналасқан су қоймаларының нақты жиынтық жобалық көлемі көрсетіледі.
5. Нысанның 5-бағанында есепті кезеңде пайдалануға берілген су қоймаларының жобалық көлемі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы  
Су ресурстары және  
ирригация министрінің  
міндетін атқарушы  
2025 жылғы 30 қаңтардағы  
№ 20-НҚ бұйрығына  
3-қосымша  
Әкімшілік деректерді  
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетіне.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан өтеусіз негізде интернет – ресурста орналастырылған: [www.gov.kz](http://www.gov.kz).

Әкімшілік нысанның атауы: "Гидротехникалық құрылысжайлардың саны туралы мәліметтер".

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі) : 1-ГТҚ.

Жиілігі: тоқсандық.

Есепті кезең: 20\_\_ жылдың тоқсанында\_\_.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: Жергілікті атқарушы органдар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: кезекті есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей.

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі - электронды түрде.

**Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның негізгі бөлігі Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан "Гидротехникалық құрылысжайлардың саны туралы мәліметтер"**

№№	Облыстардың атауы	ЭАОЖ бойынша орналасқан жер коды (Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші)	ГТҚ атауы (су қоймасы, бөгет, су торабы, тоған, бөгет)	Су көзі, орналасқан жері	Пайдалануға берілген жылы	Қалыпты көтерілген деңгей, миллион метр текше	Үдемелі көтерілген деңгей, миллион текше	Техникалық паспорттың болуы	Жағдайы (қанағаттанарлық, наразылықты, апаттық)	Меншік түрі	Баланс
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Телефондар \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_ ҚОЛЫ \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_ ҚОЛЫ \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөрдің орны (болған жағдайда) (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда)

Ескертпе: Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Гидротехникалық құрылысжайлардың саны туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсініктеме осы нысанның қосымшасында келтірілген.

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

"Гидротехникалық құрылысжайлардың саны туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме "Гидротехникалық құрылысжайлардың саны туралы мәліметтер" (1-ГТҚ, тоқсандық)**

1. "Реті бойынша нөмір" нысанының 1-бағанында реті бойынша нөмірлеу көрсетіледі және кейінгі ақпарат реті бойынша нөмірлеуді үзбеуі тиіс.
2. Нысанның 2-бағанында Қазақстан Республикасы облыстарының атауы көрсетіледі.
3. Нысанның 3-бағанында ӘАОЖ бойынша орналасқан жер коды (әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші) көрсетіледі.
4. Нысанның 4-бағанында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердегі гидротехникалық құрылысжайдың атауы көрсетіледі.
5. Нысанның 5-бағанында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде су көзі және гидротехникалық құрылысжайдың орналасқан жері көрсетіледі.
6. Нысанның 6-бағанында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде гидротехникалық құрылысжайдың пайдалануға берілген жылы көрсетіледі.
7. Нысанның 7-бағанында гидротехникалық құрылысжайлардың қалыпты көтерілген деңгейі, ол болған кезде көрсетіледі.
8. Нысанның 8-бағанында гидротехникалық құрылысжайлардың үдемелі көтерілген деңгейі, ол болған кезде көрсетіледі.
9. Нысанның 9-бағанында гидротехникалық құрылысжайдың техникалық паспортының болуы көрсетіледі (иә / жоқ).
10. Нысанның 10-бағанында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердегі гидротехникалық құрылысжайлардың жай-күйі (қанағаттанушылық, наразылық, авариялық) көрсетіледі.
11. Нысанның 11-бағанында гидротехникалық құрылысжайлардың меншік түрі, ол болған кезде көрсетіледі.
12. Нысанның 12-бағанында гидротехникалық құрылысжайлардың теңгерімдік тиесілігі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы  
Су ресурстары және  
иригация министрінің  
міндетін атқарушы  
2025 жылғы 30 қаңтардағы  
№ 20-НҚ бұйрығына  
4-қосымша  
Әкімшілік деректерді  
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Су ресурстары және иригация министрлігіне

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан өтеусіз негізде интернет – ресурста орналастырылған: [www.gov.kz](http://www.gov.kz).

Әкімшілік нысанның атауы: "Магистралдық және шаруашылықаралық арналар арқылы тасымалдау кезінде ауыл шаруашылығындағы су шығыны деңгейі туралы мәліметтер".

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі) 1-СШД.

Жиілігі: жылдық.

Есепті кезең: \_\_ жыл.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: Жергілікті атқарушы органдар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: кезекті есепті жылдан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей.

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі - электронды түрде.

**Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның негізгі бөлігі Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан "Магистралдық және шаруашылықаралық арналар арқылы тасымалдау кезінде ауыл шаруашылығындағы су шығыны деңгейі туралы мәліметтер"**

№	Облыстардың атауы	ӘАОЖ бойынша орналасқан жер коды (әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші)	Реконструкцияланатын магистралдық арналар ұзындығының жоспарлы мәндері, километрлер	Реконструкцияланатын магистралдық арналар ұзындығының нақты мәндері, километрлер	Қайта жаңартылатын шаруашылықаралық арналар ұзындығының жоспарлы мәндері, километрлер	Жаңартылатын шаруашылықаралық арналар ұзындығының нақты мәндері, километрлер	Қайта құрудан кейінгі магистралдық арналардың пайдаланылуының коэффициенттері	Қайта құрудан кейінгі шаруашылықаралық арналардың пайдаланылуының нақты мәндері, километрлер
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Телефондар \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөрдің орны (болған жағдайда) (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда)

Ескертпе: Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Магистралдық және шаруашылықаралық арналар арқылы тасымалдау кезінде ауыл шаруашылығындағы су



шығыны деңгейі туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсініктеме осы нысанның қосымшасында келтірілген.

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

"Магистралдық және шаруашылықаралық арналар арқылы тасымалдау кезінде ауыл шаруашылығындағы су ысыраптарының деңгейі туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

**Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме "Магистралдық және шаруашылықаралық арналар арқылы тасымалдау кезінде ауыл шаруашылығындағы су шығыны деңгейі туралы мәліметтер" (1-СШД, жылдық)**

1. Нысанның 1-бағанында реті бойынша нөмірлеу көрсетіледі және кейінгі ақпарат реті бойынша нөмірлеуді үзбеуі тиіс.

2. Нысанның 2-бағанында Қазақстан Республикасы облыстарының атауы көрсетіледі.

3. Нысанның 3-бағанында ӘАОЖ бойынша орналасқан жер коды (әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші) көрсетіледі.

4. Нысанның 4-бағанында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде километрмен реконструкцияланатын магистралдық арналар ұзындығының жоспарлы мәндері көрсетіледі.

5. Нысанның 5-бағанында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде километрмен реконструкцияланатын магистралдық арналар ұзындығының нақты мәндері көрсетіледі.

6. Нысанның 6-бағанында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде километрмен реконструкцияланатын шаруашылықаралық арналар ұзындығының жоспарлы мәндері көрсетіледі.

7. Нысанның 7-бағанында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде қайта жаңартылатын шаруашылықаралық арналар ұзындығының нақты мәндері километрмен көрсетіледі.

8. Нысанның 8-бағанында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде қайта жаңартылғаннан кейін магистралдық арналардың пайдалы әсер ету коэффициенті көрсетіледі.

9. Нысанның 9-бағанында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде қайта жаңартылғаннан кейін шаруашылықаралық арналардың пайдалы әсер ету коэффициенті көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК